

**Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы бойынша ақпан айының есебі.**

## **БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН  
АДАЛ АЗАМАТ  
ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ**

**“Тәуелсіз және Отаншылдық”**

**“Бірлік және ынтымақ”**

**“Жасампаздық және жаңашылдық”**

**“АҚПАН - жасампаздық және жаңашылдық” айы.**

Мектебімізде 2025 жылдың 4 ақпан «Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» атты 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. Сынып сағатының мақсаты, интернет пайдаланушыларға цифрлық дәуірде жеке деректерді қорғай білудің маңыздылығын еске салу болып табылады. Бүгінгі таңда, әлемде күн сайын үлкен көлемде ақпарат жиналып, өңделеді, бұл деректердің ағып кетуіне немесе ұрлануына, сондай-ақ жеке өмірге қол сұғу сияқты үлкен қауіп төніп тұрғандығы ескертілді. Сондықтан осы мереке киберқауіпсіздік мәселелерін талқылауға және балалар мен жастарға арналған білім беру іс-шараларын өткізуге себеп болды.



3 ақпан күні «Мерген -2025» аудандық мылтық атудан сайысы өтті. Мақсаты: Білім алушыларды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу, Отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру, Қазақстан халқының ұлттық, әскери және еңбек дәстүрлерін жалғастыру. Жетекшісі: Абдрахманов Б.А.



Мектебімізде, 9-11 сынып оқушыларымен “Еңбегі адал жас өрен” жобасы аясында «Мамандық таңдау» – Ақтөбе қаласынан, қазақтың қыраны, ұшқышы Кеңес одағының батыры Талғат Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің әскери институтының екінші курс курсанты Абишов Нұржан Нұрланұлымен және Астрахан, Егіндікөл ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріккен бөлімінің бастығы Балтабаев Азамат Есенгельдинович пен кездесу өтті.

Кездесудің мақсаты – оқушылардың Отанға, елге деген сүйіспеншіліктерін арттыра батырлыққа, ерлікке баулу, патриоттық тәрбие бере отырып, Абишев Нұржан, Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Жалтыр бекетінің тумасын, балаларға үлгі ету болды және оқушыларға өздерінің әлеуетті мүмкіндіктерін байқауға, белгілі бір мамандыққа қажет болатын дағдылар туралы білуге мүмкіндік беру. Сонымен қатар, мамандық таңдауда қателеспеу керектігі жөнінде көптеген ақпараттар айтып, кеңес берді.



5 ақпан күні «Болашақ бүгіннен басталады» атты білім беру ұйымдарының ата-аналары мен мұғалімдер арасында көңілді және тапқыр клубы ойынының іріктеу кезеңі өтті. Мектебімізден ата-аналармен мұғалімдерден құралған “Болашақ” командасы қатысып, аудан мектептері арасында I орын алды.



Мектебімізде жоспарға сай, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша 9-11 сыныптар арасында “Діни экстремизм және терроризм” және “Есірткінің ағзаға кері әсері” атты дөңгелек үстел өтті.

Күн тәртібінде:

“Діни экстремизм және терроризм”;

“Есірткінің ағзаға кері әсері”;

Мақсаты: оқушыларға бүкіл әлемнің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани жағдайына ықпал етіп отырған діни экстремизм мен терроризм ХХІ ғасырдың ең бір өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Кездесу барысында, діни мамандар оқушыларға статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, діни экстремизмнен зардап шеккен жандардың жалпы санын атап өтті. Тұғырлы мемлекетімізде қоғамға әсер етіп, қорқыныш тудыратын діни ағымдар да аз емес. Жер жарып тұрған экстремистік ұйымдардан аулақ болу, бұрыс бағыттардан өзін-өзі алшақ ұстау мәселелері жайлы ақпарат берілді.

Сонмен қатар, жасөспірімдерге есірткінің зияны туралы айтылатын пайдалы жиындарды өткізу, құқықтық сауаттылығын арттыру арқылы олардың есірткіге тәуелді болмау жолдарының алдын алуға болады.



Мектеп кітапханасында Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай оқушыларды ақынның өмірбаяны мен шығармашылығы туралы таныстыру, өлеңдерін мәнерлеп оқуға баулу, ақын өлеңдері арқылы тілге, Отанға деген сүйіспеншілікке баулу мақсатында "Мұқағали - мәңгілік ғұмыр" тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, 2/4 сынып оқушылары арасында Ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. байқауға оқушылар белсенді түрде қатысты, жақсы өнер көрсеткен оқушылар мадақтамалармен марапатталды

Кітапханашы

#біртұтас тәрбие

#балалар кітапханасы



АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТУРИЗМ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ және ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» КММ

«Жастар» Спартакиадасы бағдарламасындағы

«Ұлттық мектеп лигасы» аясында 9-11 сынып ұлдары арасында «Футзалдан» облыстық жарысында “Полезный игрок” номинациясы бойынша мектебіміздің құрама ұлдар командасы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Жетекшісі: Асханбай Ж, Елиманов Е.С.



Аудандық ”Жастар” спартакиада бағдарламасы қысқы “ Президенттік многоборью” аясында 2010-2011 жылдар арасындағы оқушылар қатысып ІІ орынмен марапатталды. Жетекшісі: Абрахманов Б.А.



## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫ МАДАҚТАМА

WKF каратэден жаттықтырушыларды еске алуға арналған облыстық ашық турнирінде

кумитэ, юн. 10-11, -30, 45

келі салмақ дәрежесі бойынша

1 орын алғаны үшін

Қуандық Жанерке,

Бахтияр Нуркен

МАРАПАТТАЛАДЫ



Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу, оқушыларды сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсету мақсатында алдын алу жұмыстары 7"ә" сынып оқушыларымен жүргізілді. сынып жетекшісі: Г.Жанабекова



**“Нашақорлық— ғасыр дерті, есірткіге жол жоқ!”** тақырыбында 1-4 сынып оқушылары арасында сурет салу акциясы өтті. Оқушыларға әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескере отырып, оны болдырмаудың алдын алуға тәрбиелеу. Оларды жаман әдеттерден сақтандыру.

Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 36 жыл толуына арналған аудандық дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелге Астрахан және Жалтыр ауылдарының 10-11 сыныптарынан 60 оқушы қатысты.

Оқушылар іс-шара қонақтарымен, интернационалист жауынгерлермен кездесті.

Отырыс барысында Ауған жауынгерлері өз тарихымен бөлісті, соғысқа қалай түскендері, шайқас даласында немен бетпе-бет келгендері туралы. Олар жолдастарының ерлектерің, үйге оралу кезіндегі сезімдері туралы айтты. Оқушыларды патриоттық тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін АӨТД мұғалімдері Астрахан және

Егіндікөл ауданы бойынша “Ауғанстандағы мүгедектер және соғыс ардагерлері одағы” ҚБ төрағасы Ж.Оразбаевтың алғыс хаттарымен марапатталды.



Мектеппен балабақша арасындағы сабақтастық және балаларды мектепке даярлау жөніндегі жұмысын жетілдіру бойынша”**Алпамыс**” балабақшасында “Ғажайып зертхана” тақырыбындағы ашық сабақ өтті.



«Жас Ұрпақ» облыстық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі «**Бірлестік**» деп аталады) Ақмола облысы прокуратурасының бастамасымен Ақмола облысының білім басқармасымен бірлесіп құрылды.

1.2 Толық ресми атауы «**Бірлестік**»

1.3 «**Бірлестік**» өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, «Қазақстан Республикасындағы балалар-жасөспірімдер қозғалысын дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» Қазақстан Республикасы Білім министрінің бұйрығын басшылыққа алады.

Жоғарыдағы нұсқаулыққа сүйене отырып, мектеп тәлімгері Жанабекова Гүлмира Базековна «**Бірлестікке**» мүшелікке кіруге үміткерлердің тізімін мектептің өзін-өзі басқару органымен бірге қарастырып осы төмендегі оқушылардың тізімін ұсынды.

1. Абенова Амина
2. Дауылбай Ержан
3. Итемгенова Айару
4. Тоқтаргаж Альбина
5. Серік Абылайхан
6. Жексенбай Рамазан
7. Қожабай Алия
8. Абылай Алдияр
9. Бахтияр Балнұр
10. Мұрат Аяжан



2025 жылдың 19 ақпанында «**Болашақ бүгіннен басталады**» атты білім беру ұйымдарының ата- аналары мен мұғалімдер арасында көңілді және тапқыр клубы ойынының ақтық кезеңінде 8 мектеп арасынан, мектебіміздің “Болашақ” командасын I орын алуымен құттықтаймыз!

Жетекшісі: Е.Дәлелхан



Ақпан айының 18 күні өткен Аудандық жарыс 9 - 11 сынып ұлдар арасындағы баскетболдан мектебіміздің құрама командасы ІІІ орынға ие болды.



Мектеп кітапханасында 14 ақпан Халықаралық кітап сыйлау күніне орай Оқушылар арасында кітап оқуды насихаттау, кітапқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, мейрімділікке баулу мақсатында **“Шын жүректен кітап сыйла”** челленджі акциясы өткізілді. Бұл акция оқушыларды жақсылық жасауға тәрбиелеумен маңызды. Сонымен қатар акцияға мектебіміздің ұстаздары да кітап сыйлап, өз үлестерін қосты.



**“Жол картасын”** жүзеге асыру мақсатында және сабақтастық жоспарына сәйкес “Балдәурен” бөбекжайы балабақшасында “Қарлығаш” ересек тобында «Ұлттық құндылықтар» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын бала бойына сіңіру, ұлттық ойын түрлерімен таныстыру, еліне, Отанына деген сүйіспеншілікті ояту, балалардың денсаулығын нығайту; денені шынықтыру; мәдениетін қалыптастыру; өзін-өзі тәрбиелеу, жетілдіру.

Ойынды ойнату мен үйретудің міндеттері: қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-белсенділіктерін дамыту.



20-21 ақпан айының аралығында «Көкшетау қаласында ұйымдастырылған " Үздік мектеп парламенті 2025» облыстық байқауының кезені өтті. 21 команданың ішінде үздік шығып, жүлделі 3-орынға ие болған өзің-өзі басқару ұйымы "Феникс" тобы: Сүлеймен Арайлым, Хисан Мөлдір, Қайролла Ақниет, Касенжанов Роллан, Қазыбек Алимжан. Командамыз керемет еңбек етіп, өздерін жоғары деңгейде көрсетті. Жеңістеріміз көп болсын! жетекшісі: Г.Жанабекова



КӘСІПТЕР НАВИГАТОРЫ 2025

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

АДАЛ АЗАМАТ

озық ойлы ҰЛТ

«Тәуелсіздік және Отаншылдық»

«Бірлік және ынтымақ»

«Жасампаздық және жаңашылдық»

"Заң және тәртіп"

"Жасампаздық пен жасампаздық айы

“Жұмысшы мамандықтар” жобасы аясында аудандық “Кәсіби бағыт шеңберіндегі жұмысшы кәсіптерінің новигаторы” форумы атты сайыста, мектебіміздің “Quantum Z” командасы I орын алды. Жетекшісі: Оспанов Д.К.



Аудандық “Дәстүрлі ән - мәдени мұра” байқауда мектебіміздің домбырашылар ансамблі Н. Тідендиевтің “Ата толғауы” күйін нақышына келтіріп орындады. І дәрежелі Диплом

